



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

19.11.2015ж № 126-ЖҚ

Ақтау қаласы

город Актау

«Өзен Жылу» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының 2015-2019 жылдарға арналған жылу энергиясын өндіру жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметіне арналған төтенше реттеуші шаралар ретінде тарифтің және тарифтік сметанының шекті деңгейін бекіту туралы

«Табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы» Заңының 15-бабы 1 тармағының 2) тармақшасына және Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 2013 жылғы 19 тамыздағы №213-НҚ бұйрығымен бекітілген, Табиғи монополиялар субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) тарифтерді (бағалар, алым мөлшерлемелерін) шекті деңгейін және тарифтік сметаларды бекіту туралы Қағидасының 3 тарауының 21 тармағының 2 азатына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Өзен Жылу» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының жылу энергиясын өндіру қызметіне 2015 жылдың 1 желтоқсаны - 2019 жылдың 31 желтоқсаны аралығына дейін тарифінің шекті деңгейін 1 Гкал-ға - **1800,98 теңге-тиын (ҚҚС-сыз)** мөлшерінде бекітілсін.

2. «Өзен Жылу» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының жылу энергиясын өндіру қызметінің тарифтік сметасы №1 қосымшаға сәйкес бекітілсін.

3. Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау комитетінің Маңғыстау облысы бойынша Департаментінің 2015 жылғы 27 шілдедегі №73-НҚ «Өзен Жылу» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының жылу энергиясын өндіру, беру, бөлу және (немесе) онымен жабдықтау және суды таратушы желілер арқылы беру қызметтеріне тарифтердің және тарифтік сметалардың шекті деңгейін бекіту туралы бұйрығының №1 қосымшасының күші жойылды деп танылсын.

4. Департаменттің Табиғи монополиялар және бағаларды реттеу бөлімі, (А.К. Абдигалиев) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау Комитетінің және «Өзен Жылу» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының назарларына жеткізсін.

5. Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 2013 жылғы 19 тамыздағы №213-НҚ бұйрығымен бекітілген Қағидасының 3 тарауының 27 тармағының 2 азатына сәйкес Табиғи монополия субъектісінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) тарифтердің (бағалардың, алымдар мөлшерлемелерінің) шекті деңгейі төтенше реттеуші шара ретінде бекітілген жағдайда, олардың өзгергені туралы ақпаратты табиғи монополия субъектісі тұтынушылардың назарына оларды қолданысқа енгізгенге дейін күнтізбелік бес күннен кешіктірмей жеткізсін.

6. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау комитетінің Маңғыстау облысы бойынша Департаменті басшысының орынбасары А.І. Оңаевқа жүктелсін.

7. Осы бұйрық 2015 жылғы 1 желтоқсаннан бастап күшіне енетін 1-бабын есепке алмағанда, қол қойылған күннен бастап күшіне енеді.

Департамент басшысы



Т.Х. Махамбетов



АРДАГЕРЛЕРДІ
АРДАҚТАУЫҚ

Қала
ақсақалдары
кеңесті

» » 3-бетте



Редакторлар
брифинг
өткізді

» » 5-бетте

Ұстаз деген
ұлы есім

» » 8-бетте



№48 (1755)
ГАЗЕТ
1990 ЖЫЛДЫҢ
1 ҚАҢТАРЫНАН
ШЫҒА
БАСТАДЫ

ЖАҢА ОЗЕН

26

қараша
2015 ЖЫЛ

БЕЙСЕНБІ
ГАЗЕТ АПТАНЫҢ
БЕЙСЕНБІ КҮНІ
ШЫҒАДЫ

ҚАЛАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

xat.janaozen-gazeti@mail.ru

Хабарландыру!

«Қазақстан Республикасы ҰЭМ Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау комитетінің Маңғыстау облысы бойынша Департаменті» Республикалық мемлекеттік мекемесінің 19.11.2015 жылдың №126 - НҚ бұйрығына сәйкес, «ӨзенЖылу» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының жылу энергиясын өндіру қызметіне арналған тетенше реттеуші шара ретінде тарифі 2015 жылдың 01-ші желтоқсанынан барлық санаттағы тұтынушылар үшін 1 Гкал-ға - 2606,42 теңге (ҚҚС-мен) мөлшерінде бекітілгенін хабарлайды.

«ӨЗЕНЖЫЛУ» МКК ӘКІМШІЛІГІ.

Объявление!

На основании приказа Комитета по регулированию естественных монополий и защите конкуренции Министерства национальной экономики Республики Казахстан по Мангистауской области №126-ОД от 19.11.2015 г. утвержден тариф на производство тепловой энергии в качестве чрезвычайной регулирующей меры ГКП «ОзенЖылу» с 01 декабря 2015 года для всех категорий потребителей за 1 Гкал – 2606,42 тенге (с НДС).

АДМИНИСТРАЦИЯ ГКП «ОЗЕНЖЫЛУ».